T.C. KOCAELİ ÜNİVERSİTESİ
Sosyal Bilimler Enstitüsü Müdürlüğü

Kocaeli, 20/08/2018

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Философия кафедрасы, 6D020100 философия мамандығының докторанты Қабул Оралбай Құрманбайұлының PhD ғылыми дәрежесін алу үшін жазған «Сабақтастық – философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы)» атты диссертациялық жұмысына**

## ПІКІР

Сабақтастық – тарихи мәдени тәжірибе үрдісіндегі жаңа мен ескінің арасындағы объективті қажетті байланыс. Бұл байланыс тұтастықтылықты қамтамасыз етіп, мәдениеттің үдемелі дамуының алғышарты болып саналады. Зерттеу жұмысында сабақтастық әр кезеңнің немесе баспалдақтардың арасындағы болмыс, сол сияқты таным мен мән тәрізді дамудың байланысы, яғни бір күйден екінші күйге ауысу барысындағы жүйелік тұтас өзгерістердің сақталуы болып табылады деп тұжырымдалғандығын ескерсек, осы шақпен өткенді, болашақты байланыстыра отырып, сабақтастық тұтас тұрақтылық сипатын түзеді. Егер әрбір зат, әрбір процесс басқалардан ерекшелене отырып, басқа заттармен, процестермен бірге жалпы үйлесімділік тапса, ол сабақтастықты маңызды етеді және оның жиі пайда болуы аталмыш құбылыстың даму процесіндегі қайталау болып табылады.

Сонымен қатар жұмыста өзгерістер типінің тәуелділігі мен сабақтастық мазмұны объектісінің әр түрлі болу мүмкіндігі қарастырылған. Сабақтастық ұғымы және рухани мәдениеттегі өзара ықпалдастық мәселелеріне түсінік беріліп, сабақтастықтың ұлттық мәдениеттің дамуына ықпалы философиялық тұрғыдан зерделенген. Автор ұлттық мәдениетті жетілдіру үшін мәдениеттегі сабақтастықты сақтауға бағытталған рухани қызметті жетілдіру керек, ұлттық рухани құндылықтар сабақтастық қағидатының жүзеге асырылуы барысында қалыптасқан құндылықтар болып табылады деп тұжырымдар жасаған.

Құндылық мәселесіне жасалған талдауында«құндылық» категориясын зерттеу әдіснамасының негізіне айналған пайымды тұжырымдамалар ұсынылған. Адам және қоғам болмысының табиғатын аңғару үшін құндылық мәнінің маңыздылығы, қоғамдағы белең алатын белгілі бір құбылыс өздігінен құндылыққа айналмайдығы, ол тек әлемнің немесе белгілі бір әлеуметтік-мәдени қауымдастықтың, жеке тұлғаның біртұтас бейнесінің элементі ретінде ғана танылатындығы жете зерттелгендігін аңғаруға болады. Құндылықтардың әрекеттесуі әрекеттесуші субъектілердің, құндылық тасымалдаушы объектілердің және құндылықтардың өзара араласуы болып табылады. Осы элементтердің бір-бірімен байланысы және олардың осындай ажырамас байланыстан тыс болуы мүмкін еместігі сөз болады.

Зерттеушінің Қазақстанның қазіргі кездегі рухани жағдайына жасаған талдауы жергілікті халықтың батыс мәдениетінің оң жетістіктерін біртіндеп қабылдау барысында кездесетін айтарлықтай қарама-қайшылықтары туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұста экономикалық және мәдени жағынан ілгері дамыған қоғамның әлеуметтік мәдени жетістіктерін баяу дамыған қоғамдық орта сол болмысымен жай көшіріп алу арқылы қол жеткізіле алмайды деген пікір білдіреді. Сонымен қатар, бүгінгі

күнде белгілі бір қоғамның ішкі дүниетанымына және өзіндік ерекшелігі деп танылатын жағымды дербес даму идеясы күн арта өзекті мәселелер қатарына айнала бастағандығы сөз болады. Зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар: әлемдік тәртіп әлеуметтік-мәдени сабақтастық мәселесіне қатысты жасалған философиялық талдау тек уәждердің мәнін ғана емес, сол уәждердің халықтық дүниетаным және төзімділік дағдылары, есте сақтаудың түрлі нысандары, әлеуметтік әділетсіздікке қарсы тұруға ұмтылуы, философиялық және ізгілік ізденістер сынды әлеуметтік көздердің мәнін толық ашуға мүмкіндік береді. Қазіргі кездегі әлемдік тәртіпке мүлдем ұқсамайтын басқа әлемдік тәртіптің бар екендігі, оның адам тағдырына түбегейлі әсер ететіндігі, әлемді өзгертіп, бұрынғы әлемдік тәртіпті жоя алатындығы және ретке келтірілген оқиғалар мен фактілердің әсер етуінің нәтижесінде орнатылатынды. Бүгінгі жаңа әлемдік тәртіп шиеленіскен қайшылықтар мен әлемдік саясаттың жетекші субъектілері мүдделерінің қақтығыстарын бұзу нәтижесінде орнайтын құбылыс екендігі. Отбасылық құндылық оның ішінде қазақ отбасының үш ұрпақтан тұратындығы: ата, әке, бала. Ел бірлігі үшін ата мен немере арасындағы сабақтастық жібі үзілмеуі керек. Ата мен немере арасында әке бар. Үш буын, оған сай үш құндылықтар жүйесі өз кезегінде қоғам дамуына қызмет ету керектігі басты екендігі талданады.

Диссертацияда сипатталған сабақтастық үрдісін философиялық категория ретінде қарастырудың жаңа тетіктерін қолданысқа енгізу жөніндегі ұсыныстар сабақтастық мәселесінің тек белгілі бір мәнмәтінде (білім берудегі сабақтастық, ұрпақтар сабақтастығы, дәстүрлер сабақтастығы) ғана емес, сонымен қатар, жалпы философиялық, ауқымды категория ретінде зерттеп, сабақтастықтың негізгі объектісі болып табылатын құндылықтар категориясына, оның ішінде қазақ халқына тән қасиеттер: ар-ұждан, ұят, намыс, үлкендерді құрметтеу сынды рухани құндылықтарға лайықты назар аударуға оң серпіліс береді.

Қорыта айтқанда, диссертация тақырыбының өзектілігін, жұмыстың ғылыми жаңалығын және теориялық құндылығын ескере отырып, Қабул Оралбай Құрманбайұлының PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазған «Сабақтастық – философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы)» атты диссертациялық жұмысын ғылыми мәселелерді теориялық тұрғыдан қамтамасыз ете алатын, толық аяқталған зерттеу деп бағалаймын.

**Шетелдік кеңесші:**
Қоджаелі университеті философия бөлімінің меңгерушісі
философия докторы, профессор,
Синан Өзбек

Umuttepe Merkez Yerleşkesi
Eski İstanbul Yolu 10.Km.
41380 / Umuttepe / İZMİT

Tel: 0 262 303 17 52
Faks: 0 262 303 17 53
http://sbe.kocaeli.edu.tr